

Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 29 қаңтар N 103

Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандыру жағдайында валюта қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту және валюталық реттеу мен бақылаудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың басшылары Бағдарламада белгіленген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей Бағдарлама іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат беретін болсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕЖИМДІ ЫРЫҚТАНДЫРУДЫҢ 2003-2004 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Бағдарламаның паспорты

- | | |
|----------------------|--|
| 1. Атауы | Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы. |
| 2. Негізгі әзірлеуші | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| 3. Әзірлеу үшін | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы |

негіздеме

24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.1.7-тармағы, экономикалық саясат жөніндегі кеңестің 2002 жылғы 15 мамырдағы N 20-50/005-416 шешімі.

4. Бағдарламаның мақсаты

Қазақстан резиденттерінің инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту есебінен валюта қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру.

5. Негізгі міндеттері

1. Инвестициялық портфельді түрлендіру үшін резидент еместердің инвестициялық сапалы бағалы қағаздарына инвестицияларды валюталық реттеу режимін жұмсарту жолымен жағдайлар

ж а с а у ;

2. Резиденттердің республиканың өндірістік әлуетін кеңейтетін, жаңа перспективалық рыноктарға еруге жағдайлар жасайтын және инвестициялау объектісіне бақылаудың қажетті деңгейін жасайтын шетелдегі тікелей инвестицияларын ынталандыру;

3. Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асырған кезде шектен тыс әкімшілік кедергілерді жоюмен қатар, валюталық реттеудің және едәуір маңызды валюта операцияларына экспорт-импорттық валюта бақылауының тиімділігін арттыру;

4. Валюта операцияларын статистикалық есепке алуды одан әрі жетілдіру және капиталдың барынша еркін қозғалысына байланысты тәуекелдерді төмендету.

6. Қаржыландыру

талап етілмейді

к ө з д е р і

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін

Валюталық режимді ырықтандырудың келесі кезеңіне өту үшін сапалы экономикалық түпкі алғышарттар жасау.

н ә т и ж е

8. Іске асыру мерзімдері

2003-2004 жылдар

2. Кіріспе

Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің 2002 жылғы 15 мамырдағы N 20-50/005-416 шешімімен Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың негізгі принциптері және барысы мақұлданған болатын, ол экономиканың барлық секторларының мүддесін барынша ескеру үшін барлық мүдделі мемлекеттік органдарды тарта отырып, банк секторының өкілдерімен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып әзірленді. Валюталық режимді ырықтандырудың негізгі бағыттары мен кезеңдерін, сондай-ақ Халықаралық валюта қорының сарапшылары талқылады.

Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандыру Қазақстан экономикасының даму ерекшеліктері, сондай-ақ экономикалық өсу тұрақтылығын айқындайтын ішкі және сыртқы факторлар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық саясаты ескеріле отырып көзделетін болады. Бұл Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді және ырықтандырудың бірінші кезеңінде қалыптасқан экономикалық алғышарттарды және республиканың таяудағы экономикалық даму перспективалары ескеріле отырып және Қазақстан Республикасында валюталық реттеу мен бақылау режимін ырықтандырудың негізгі мақсаттарын, міндеттерін және бағыттарын белгілейді.

Бағдарламаның ережелерін іске асыру әкімшілік іс жүргізу рәсімдерін жүйелеу есебінен валюталық бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл Қазақстанда валюталық реттеу жүйесінің шектеуші сипатынан әлуетті тұрақсыздық сипаты бар валюта операциялары мониторингін жүргізудің нарықтық әдістері мен нысандарына біртіндеп көшу үшін алғышарттар жасайды.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

3.1. Валюталық реттеу нысандары

Шетел валютасын пайдалануға және капиталдың трансшекаралық қозғалысына шектеулер қою орын алды, әрі қазіргі уақытта көптеген дамушы елдерде және өтпелі экономикасы бар елдерде де сақталып отыр. Қазіргі кезде әлдеқайда дамыған Еуропалық Одақ елдерінде, Жапония мен АҚШ-та да мұндай жағдайлар болды, олар өз дамуының белгілі бір кезеңінде (60-70-ші жылдары) капитал ағындарын бақылаудың түрлі нысандарын қолданды.

Валюталық режим шектеулерінің сақталу себептеріне байланысты олардың нысандарында айырмашылықтар болады. Валюталық реттеу режиміне қолданылатын тәсілдер Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде 90-шы жылдары орын алған капиталдың күрт

әкетілуіне жауап ретінде уақытша қажеттілікке қарай шектеулер енгізуге тікелей байланысты болып отыр. Мұндай жағдайда ұлттық валютаға қарсы алып-сатарлықтың жолын бөгеу, валюта рыногын тұрақтандыру және халықаралық резервтерге қысым жасауды төмендету мақсатында, капиталдың әкетілуіне байланысты операциялар жүргізуге толық тыйым салуға дейін барынша қатаң әкімшілік шектеулер п а й д а л а н ы л а д ы .

Қысқа мерзімді капиталдың мол ағынына тап болған елдерде оның ұлттық валютаның айырбас бағамына қысымын төмендету мақсатында, егер инвестициялар елде 1 жылдан аз уақыт болған жағдайда, сомадан белгілі бір пайыз ұстай отырып, арнайы валюталық шоттарға түскен қаражатты толық не ішінара аудару түрінде шектеулер енгізілді. Бұл жағдайда валюталық режимнің негізгі міндеті ұзақ мерзімді инвестицияларды барынша тартымды ете отырып, олардың пайдасына капитал ағынының құрылымын өзгерту болады.

Басқа елдерде негізгі проблема ұлттық валютаның құнсыздану қарқынын төмендету және инфляцияны азайту есебінен, капиталдың әкетілуіне байланысты операцияларды сипатына және экономика үшін барынша нәтижелі болуына қарай Орталық Банктің операция жүргізуге рұқсат беруі жолымен шектеу арқылы макроэкономикалық тұрақтылыққа келіп тіреледі. Мұндай жағдайда, валюталық шектеулер валюта рыногы мен капитал рыногының жетілдірілуіне қарай түр жағынан өзгере отырып, ұзақ уақытқа созылған кезеңге сақталады және мемлекеттің экономикалық саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Қандай да болмасын операцияларды жүргізуге рұқсат (лицензия) алу талабына негізделген валюталық реттеудің мұндай жүйесі ТМД мен Шығыс Еуропа елдерінің көпшілігіне, оның ішінде Қазақстанға да тән.

3.2. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген валюталық реттеу режимі

"Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңында капитал қозғалысына байланысты және валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін (ауыстырылуын) көздейтін валюталық операциялар (олардың тізбесі осы заңда айқындалған) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) лицензиялауына жатады деп белгіленген.

Қазіргі уақытта Қазақстанда капиталды әкелу және шетелдік инвестициялардан алынған кірістерді қайтарып алу бойынша операциялар жеңілдетілген тәртіппен жүзеге асырылады, ал валюталық құндылықтардың әкетілуіне байланысты операциялар жүргізу үшін Ұлттық Банктің лицензиясы болуы қажет.

Валюталық операциялардың мынадай түрлері лицензиялануға жатады:

1) қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауда жасауды жүзеге асыру және оған қ ы з м е т к ө р с е т у ;

2) өздері тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша тиісті құқығы бар резиденттердің шетел банктерінде және өзге де қаржы институттарында шоттар (оған қоса Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттар) ашуы;

3) резиденттердің шет елдегі инвестициялары (банктердің брокерлік-дилерлік қызметін қоспағанда);

4) резиденттердің резидент еместердің пайдасына жылжымайтын мүлікке мүліктік құқықтарды төлеуге аударымдары;

5) резиденттердің резидент еместер пайдасына 120 күннен астам мерзімге тауарлар, жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін аванстық төлем жасау көзделген импорттық мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру, сондай-ақ тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты күнінен бастап 120 күннен астам уақыт резиденттердің тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспортына төлеуге валюталық түсім алу мерзімін асырып жібергені үшін жасаған аударымдары;

6) резиденттердің резидент еместерге 120 күннен астам мерзімге кредиттер беруі;

7) резиденттің резидент еместен кредит ретінде алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның шоттарына есепке алуы.

3.3. Ырықтандырудың экономикалық аспектілері

Қазақстанда капитал қозғалысына валюталық шектеулер қою қажеттігі шетел валютасы ұсынысының ішкі көздерінің едәуір тапшылығымен және ұлттық валютаға сенімнің аз болуымен түсіндірілді, сондықтан валюта қаражатының елден кез келген әкетілуі валюта бағамының тұрақтылығына және жалпы алғанда экономиканың дамуына қауіп туғызады деп есептелді.

1999 жылғы сәуірде еркін өзгермелі валюта бағамының режимін енгізу инфляция қарқындарының төмендеуіне, валюта рыногының әлдеқайда тұрақты болуына, халықтың банк жүйесіндегі жинақ ақшасының өсуіне және шетелдік тікелей инвестициялардың әкелінуіне орай экономиканың нақты секторының айтарлықтай оң қозғалыспен дамуына жол аша отырып, бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Сонымен бірге 2001 жылдың екінші жартысында Қазақстан экспортқа жіберетін тауарларға әлемдік бағалардың төмендеу кезеңі өткен 3 жылда экономикада сыртқы қолайсыз факторларды ауыртпалықсыз жұмсарту үшін ішкі ресурстар мен капиталдың республикаға тұрақты әкелінуі есебінен белгілі бір потенциалдың қалыптасқанын көрсетті.

Негізінен сауданың сыртқы жағдайларының 5,3% нашарлауы нәтижесінде қалыптасқан төлем балансының ағымдағы шотының 5,6% мөлшеріндегі тапшылығына қарамастан, капиталдың таза әкелінуі 2001 жылы тұрақты жоғары деңгейде сақталды (кесте). Сонымен бірге қысқа мерзімді операциялар бойынша әкетілудің азаю және "капиталдың қашуы" үрдісі қазіргі уақытта республикадан тыс жерлерден гөрі

Қазақстанда инвестицияларды жүзеге асыру үшін неғұрлым қолайлы экономикалық алғышарттар бар деп айтуға мүмкіндік береді.

Кесте

Сыртқы сектор тұрақтылығының көрсеткіштері

	1997	1998	1999	2000	2001
1. Сыртқы күйреу индикаторлары	2.8	-16.0	8.2	20.2	-5.3
Сауданың сыртқы шарттары (алдыңғы жылға қарағанда % - бен) ¹					
Экспорттың әлемдік бағалары	-3.0	-22.6	5.5	25.4	-10.2
Импорттың әлемдік бағалары	-5.6	-7.9	-2.5	4.3	-5.1
НТАБ (желтоқсаннан желтоқсанға дейін % - бен) ²	8.9	16.2	-26.4	2.8	-1.6
оның ішінде Ресейге қатынасы бойынша	1	68.6	-30	-8.5	-6.7
2. Төлем балансы мен сыртқы борыштың индикаторлары					
Ағымдағы шот (ЖІӨ-ге %-бен)	-3.6	-5.6	-1.4	3.7	-5.6
ТШИ, ағымдағы шотты алып тастағанда (ЖІӨ-ге %-бен)	2	0	7	11	7
Сауда балансы (ЖІӨ-ге %-бен)	-1.2	-3.6	2.0	13.4	5.3
Экспорт (ЖІӨ-ге %-бен)	31	27	36	51	40
Мұнай экспорты (жалпы экспортқа % - бен)	24	28	34	46	47
Импорт (ЖІӨ-ге %-бен)	-32	-30	-34	-38	-35
Инвестициялық ³ импорт/Өзге импорт	0.26	0.31	0.43	0.44	0.49
Қысқа мерзімді капитал + Қателер мен қалып қойғандар (ЖІӨ - ге % - бен)	-3.7	-3.6	-5.6	-5.3	-0.7
Жалпы сыртқы борыш, кезеңнің аяғында (ЖІӨ-ге % - бен) ⁴	35.0	45.2	72.7	69.6	67.5
оның ішінде мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген	14.9	18.2	24.4	21.6	17.0

Жалпы сыртқы борыштағы	30.0	23.0	15.0	7.8	8.5
қысқа мерзімді				сыртқы	
борыш				(%)	

¹ Сауданың сыртқы шарттары белгіленген салмақтар ескеріле отырып, негізгі номенклатура бойынша әлемдік бағалардың экспорты мен импортының (экспорт - 80%, импорт - 66%) арақатынасы ретінде есептелген.

² Нақты тиімді айырбас бағамы елдердің - негізгі сауда әріптестерінің валюталарына қатынасы бойынша есептелген ("+" - теңгенің қымбаттауы, " - " - арзандауы).

³ Машиналар мен жабдықтар, құрал-саймандар және аппараттар, жермен жүретін көлік құралдары кіреді.

⁴ Деректер 2000 жылдан бастап мемлекет кепілдік бермеген жеке сыртқы борыш бойынша статистикалық қамтудың кеңеюіне қарай салыстыруға келмейді.

Капиталды әкелу құрылымы өндірістің күш-қуатын арттыруға бағытталған және ішкі әрі сыртқы конъюнктураға икемді портфельдік инвесторларды күтудің өзгеруіне тәуелділігі аз. Атап айтқанда, капитал ағынының құрылымында, ең алдымен, инвестициялық тауарлар мен аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының импортын қаржыландыратын тікелей инвестициялар басым болып отыр.

Мұнай кен орындарын одан әрі игеру төлем балансының ағымдағы шоты бойынша капитал әкелудің қосымша көздерін ашады, бұл өңдеу өнеркәсібінің бәсекелестік қабілетін төмендетуге ықпал етуі мүмкін, өйткені тікелей инвестицияларды одан әрі игерумен жалғасатын экспорт түсімдерінің ұлғаюы теңгенің айырбас бағамының нақты түрде қымбаттауына тікелей әсерін тигізетін болады.

Мұндай жағдайларда Ұлттық Банк не ұлттық валюта бағамын жоғарылатуға, не валюта рыногына үнемі араласуды жүзеге асыруға және банк жүйесінің сыртқы активтерінің өсімін тазартып отыруға мәжбүр болады, бұл Ұлттық Банк шығыстарының үнемі өсуімен жалғасатын болады, ішкі проценттік ставкаларды төмендетуге және инфляцияның бақылаусыз өсу мүмкіндігіне әкеп соғады.

3.4. Валюталық бақылаудың тиімділігі

Валюталық бақылау жүйесін құрған кезде, сондай-ақ бақылауды жүзеге асыру нәтижелерінің арақатынасын және оны іске асыруға жұмсалатын шығындарды да ескеру қажет. Уақыт өткен сайын қаржы рыногының дамуына, валюта операцияларын жүргізу схемаларының күрделенуіне қарай белгіленген әкімшілік кедергілерді айналып өту үшін қосымша мүмкіндіктер пайда болады, бұл валюталық бақылаудың тиімділігін төмендеті түсіп, оны жүзеге асыруға бұрынғыдан көп қаржы шығынын жұмсауды

талап етеді. Мысалы, өткен бір жарым жылда жеке тұлғалардың - резиденттердің шет елдердегі шетел банктерінде шоттар ашуына 11 лицензия ғана берілген болатын, бұл жүргізілетін операциялар санын объективті түрде көрсете алмайды. Сонымен бірге, қаржылық қадағалаудың жетілдірілуіне, капиталдандыру мен қаржы институттарындағы тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптардың артуына, салықты басқарудың жетілдірілуіне қарай валюталық бақылау тарапынан қадағалау функцияларын қайталау бірте-бірте қажет болмайды. Валюта операцияларының барлық аясын шектей отырып, экономиканың шетел активтеріне салудан түсетін қарымды кірістері де азаяды, сондықтан Ұлттық Банктің тәсілі неғұрлым тартымды валюта операцияларына қатысты режимді бар мүмкіндігінше ырықтандыру және неғұрлым қауіпті әрі ауқымды операцияларға валюталық бақылаудың тиімділігін арттыруға негізделуі тиіс.

Шығыс Еуропа елдерінің көпшілігі осы жолмен жүрді, олар қазір валюталық режимді толық ырықтандырды (Венгрия, Чехия), не осы шараларды алдағы уақытта жүзеге асыруды болжап отыр (Польша). Сонымен бірге капиталдың әкетілуін ырықтандыру ең алдымен шет елдердегі тікелей инвестицияларға, ұзақ мерзімді портфельдік инвестициялар мен кредиттерге, дамыған елдердің (Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымдары елдерінің) бағалы қағаздарына инвестицияларға және сонан кейін ғана қысқа мерзімді қаржылық құралдармен операцияларға және ұлттық валютаның толық ішкі өтімділігіне қол жеткізуге қатысты.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Әлемдік экономика дамуының жаңа талаптарына сәйкес келу үшін, (1) жеке сектордың және ұлттық капиталдың белсенділігін ынталандыру; (2) шет елдерге қаржы инвестициялары стратегиясын дайындау, сондай-ақ (3) Қазақстан Республикасындағы валюталық режимді ырықтандырудың ұзақ мерзімді мақсаты - тұрақты экономикалық өсуді ынталандыру қажеттігін айқындайтын Қазақстанның даму стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарын негізге ала отырып, Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстан резиденттерінің инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту есебінен валюталық қаражатты тиімді пайдалануды арттыру болып табылады.

Осы мақсатқа ырықтандырудың бірінші кезеңінің шеңберінде жету үшін мынадай міндеттерді іске асыру болжанады:

1) инвестициялық портфельді түрлендіру үшін резидент еместердің инвестициялық сапалы бағалы қағаздарына инвестицияларды валюталық реттеу режимін жұмсарту жолымен жағдайлар жасау;

2) резиденттердің республиканың өндірістік әлуетін кеңейтетін, жаңа перспективалық рыноктарға енуге жағдайлар жасайтын және инвестициялау объектісіне бақылаудың қажетті деңгейін жасайтын шетелдегі тікелей

инвестицияларын

ынталандыру;

3) сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асырған кезде шектен тыс әкімшілік кедергілерді жоюмен қатар, валюталық реттеудің және едәуір маңызды валюта операцияларына экспорт-импорттық валюта бақылауының тиімділігін арттыру;

4) валюта операцияларын статистикалық есепке алуды одан әрі жетілдіру және капиталдың барынша еркін қозғалысына байланысты тәуекелдерді төмендетуге бағытталған шараларды жүзеге асыру болжануда.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары және тетігі

5.1. Валюталық реттеу және бақылау жүйесін құру принциптері

Валюталық реттеу және бақылау мақсатында резиденттер мен резидент еместер арасындағы барлық операциялар мынадай санаттарға бөлінетін болады:

1) "а" санаты: операция рұқсат алуды - Ұлттық Банктің лицензиясын талап етеді;

2) "б" санаты: операция тіркеуді талап етеді - мәмілеге қатысушы Ұлттық Банкке растау құжаты - тіркеу куәлігі негізге алынып берілетін жасалатын операция туралы (келісім-шартқа қол қойылған немесе тіркеуге жататын капитал қозғалысына байланысты операцияның тиісті санатына көшкен сәттен бастап белгілі бір уақыт ішінде) х а б а р л а у ы т и і с ;

3) "в" санаты: операция кейін хабарлауды талап етеді - бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар, уәкілетті банктер, не мәмілеге тікелей қатысушы жасалған мәміле жүргізілгеннен кейін оның сипаты туралы Ұлттық Банкке (жүргізілген сәттен бастап белгілі бір кезең ішінде) х а б а р л а й д ы ;

4) "г" санаты: операция Ұлттық Банктің лицензиясын, тіркеу куәлігін алуды немесе х а б а р л а у д ы т а л а п е т п е й д і .

"Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңына сәйкес белгіленген резиденттер мен резидент еместер арасындағы ағымдағы операциялар шектеусіз жүзеге асырылады.

Капитал қозғалысына байланысты операциялар экономикалық сипатына, тәуекелдеріне және операциялардың ауқымдарына байланысты түрлі санаттарға жатқызылады. Сонымен қатар валюта операциясының ағымдағы операциядан капитал қозғалысына байланысты операциялар разрядына көшу мерзімі 120-дан 180 күнге дейін ұлғайтылады, мұның өзі сыртқы экономикалық операциялар бойынша есептеулерді жүзеге асыру шарттарын әлемдік тәжірибеге сәйкес неғұрлым нақты көрсетеді.

Валюталық реттеу режимінің "а" санатындағы операцияларға қатысты ғана шешуші

сипаты болады. Лицензия өтініш беруші ұсынған құжаттар және негіздеме негізінде берілетін болады. Резидентке және жүргізілуі мақсатқа сай екендігін бағалауға мүмкіндік беретін, сәйкес келмеуі лицензия беруден бас тарту үшін негіз болып табылуға тиісті нақты операцияға қойылатын талаптар тізбесін кеңейту қажет. Қазіргі уақытта лицензиялау жүйесі валюталық реттеу режиміне халықаралық практика ұсынатын барлық талаптарға жауап бермейді. Қолданылып жүрген тәртіп жүргізілетін операцияның экономикалық мақсатқа сай болмауы себепті реттеуші органның лицензия беруден бас тарту құқығын көздемейді. Бұл жағдайларда шектеулер тек қана рәсімдік сипатта болады, операцияны жүзеге асырудың нақты экономикалық алғышарттарына және резиденттің валюта операцияларына тиісті тәуекелдерді жабатын қаржылық мүмкіндіктеріне ресми тәуелді емес. Валюталық режимнің ырықтандырылуына орай валюталық тәуекелдер және "реттеушілік арбитраж" тәуекелі өседі, сондықтан Ұлттық Банктің, валюталық бақылау органы ретінде, қажетті құжаттар ұсынылған және барлық рәсімдер сақталған өтініш берушіге операция және/немесе өтініш беруші белгіленген экономикалық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бас тартуға жеткілікті өкілеттіктер болуы тиіс.

Тіркеу ("б" санаты) шешуші сипаты болмайды, яғни Ұлттық Банк өтініш берушіге экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болмауы себепті мәмілені жүргізуіне бас тарта алмайды және сыртқы экономикалық операциялардың толық әрі шынайы есебін жүргізу мақсатына, сондай-ақ валюта заңдары талаптарының сақталуын бақылауға қызмет етеді.

Кейінгі хабарлау ("в" санаты) ақпараттық сипатта болады, растайтын құжаттар ұсынуды талап етпейді және операциялар мен оларға қатысушылар туралы ақпарат көзі болып қана табылады.

Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін көздейтін капитал қозғалысына байланысты операцияларды ырықтандыру бірізділік принципіне негізделеді, яғни артықшылық берілген күрделі операциялар бірінші кезеңде лицензиялауға жататындар ("а" санаты) разрядынан тіркеуді ("б" санаты), хабарлауды ("в" санаты) талап ететін операциялар разрядына біртіндеп көшірілетін болады.

Әкімшілік рәсімдерді барынша оңайлату мақсатында валюта операцияларын тіркеу және лицензиялау тәртібі жетілдіріледі.

Сонымен қатар, валюта заңдарында лицензиялауға жататын валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияның ең аз сомасы белгіленуі мүмкін. Мұндай тәсіл шағын және орта бизнес кәсіпорындарына неғұрлым тән болатын операция сомалары бойынша аса маңызды емес операцияларға шектеу қоймай, неғұрлым ауқымды операцияларға бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Валюталық режимді ырықтандыру сонымен қатар валюта заңдарында белгіленген талаптарды резиденттердің бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтумен қатар жүреді.

5.2. Резидент еместердің бағалы қағаздарымен операциялар

Қолданылып жүрген заңдар бойынша резиденттердің резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялары капитал қозғалысына байланысты және валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін көздейтін валюта операциялары ретінде жіктеледі және Ұлттық Банкі лицензиялайды.

Резиденттердің шет елдерге инвестицияларды жүзеге асыру тәртібі мынадай операцияларға қатысты ырықтандырылады:

1. Резиденттердің резидент еместер шығарған инвестициялық сапалы бағалы қағаздарға (бұдан әрі - инвестициялық сапалы бағалы қағаздар) портфельдік инвестициялары.

Инвестициялық сапалы бағалы қағаздар санатына мынадай сипаттағы неғұрлым өтімді және сенімді бағалы қағаздар жатқызылатын болады:

"А"-дан төмен емес кредиттік рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша) ;

"А"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің облигациялары және өзге де борыштық бағалы қағаздары (Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша).

Инвестициялық сапалы бағалы қағаздарға инвестициялау лицензия алмай жүзеге асырылады .

Кредиттік рейтинг ұзақ мерзімді рейтинг ретінде түсіндіріледі. Ұзақ мерзім рейтинг болмаған кезде ғана қысқа мерзімді рейтинг қабылдануы мүмкін.

Бағалы қағазды инвестициялық сапалы бағалы қағаздар санатына жатқызу үшін бірден артық рейтинг болған жағдайда белгіленген рейтингтік агенттіктердің ("Standard & Poor's", "Fitch, "Moody's) әрқайсысынан алынған рейтингтер ең төменгі белгіленген талаптарды қанағаттандыруы қажет. Рейтингтердің біреуінің ең аз белгіленген рейтингтен тармақтың жартысынан аспайтындай ауытқуға жол беріледі. Шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалған жағдайда кредиттік рейтинг ретінде шетел валютасындағы елдің ұзақ мерзімді тәуелсіз рейтинг түсіндіріледі .

Кредиттік рейтингке барынша жоғары талаптар қазақстандық инвесторларды тәуекелді инвестициялардан сақтау мақсатында белгіленеді. Инвестициялық сапалы бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу тиісті рұқсат беру рәсімінсіз жүзеге асырылады.

Инвестициялық сапалы бағалы қағаздарға лицензия алмай инвестициялау режимі

Қазақстан Республикасының осы операцияларды қазақстандық бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар арқылы жүзеге асыратын барлық резиденттеріне қолданылады.

Қаражатты бағалы қағаздарды сатып алу үшін ақы төлеуге аударған кезде инвестициялық сапа критерийлерінің сақталуына бастапқы бақылауды екінші деңгейдегі банктер жүзеге асырады. Инвесторлардың инвестициялық сапалы бағалы қағаздар сенімділігіне қойылатын талаптарды сақтауын бақылау Орталық Депозитарий арқылы ғана жүзеге асырылады. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктер резидент еместердің бағалы қағаздарымен операцияларды "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ-тан (бұдан әрі - Орталық Депозитарий) тыс тікелей резидент еместермен өздерінің корреспонденттік қатынастары арқылы жүзеге асыра алмайды.

Инвестициялық сапалы бағалы қағаздармен операциялар және мәміленің қарсы әріптестері туралы ақпарат оны делдал-бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысымен жүргізген сәттен бастап белгіленген уақыт ішінде Ұлттық Банкке ұсынылады ("в" санаты).

Резиденттердің рейтингке қойылатын жоғарыда келтірілген талаптарға жауап бермейтін резидент еместердің бағалы қағаздарына, не қазақстандық бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларынан тыс инвестициялық сапалы бағалы қағаздарға инвестициялауы Ұлттық Банкте лицензиялауға жатады. Резидент еместер шығарған инвестициялық емес сапалы бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу Ұлттық Банкте рұқсат алу рәсімінен өтуді талап етеді.

Бірте-бірте ырықтандыру принципіне сәйкес Ұлттық Банк инвестициялық сапалы бағалы қағаздардың рейтингіне қойылатын талаптарды өзгерту, жоғарыда көрсетілгендерге толықтыру ретінде бағалы қағаздардың басқа түрлерін енгізу мүмкіндігін көздейді.

2. Резидент еместердің ішкі рынокта бағалы қағаздарды резиденттерден кейінгі сатып алуы.

Резиденттердің резидент еместердің инвестициялық емес сападағы бағалы қағаздарына не инвестициялық сападағы бағалы қағаздарына қатысты, бағалы қағаздардың рыногына қазақстандық кәсіби қатысушыларды қоспағанда, лицензиялау тәртібі валюталық құндылықтарды Қазақстаннан іс жүзінде әкету жүріп жатқан кезде резиденттердің резидент еместердің бағалы қағаздарын бастапқы сатып алуына ғана қолданылады. Резиденттердің резидент еместердің бағалы қағаздарының республика ішінде қайталама рынокта айналысқа жіберілген кезде нақты иеленуін көрсету үшін қажетті ақпаратты Ұлттық Банк хабарландыру арқылы алады.

3. Резиденттердің резидент еместердің бағалы қағаздарына осы бағалы қағаздарға шығарылған қазақстандық депозитарлық қолхаттарды (бұдан әрі - ҚДК) сатып алу арқылы инвестициялары.

Қазіргі уақытта инвестициялау және ішкі рынокта айналысқа жіберуге рұқсат етілетін қаржы құралдарының тізбесін кеңейту жөніндегі жұмыс жандандырылуда. Осыған байланысты Ұлттық Банк шетелдік эмитенттер шығарған бағалы қағаздарға ҚДҚ-ды шығару, орналастыру және айналысқа жіберу рәсімдері мен тәртібін қалыптастыру жөнінде жұмыс жүргізуде.

Резидентке ҚДҚ-ын сатып ала отырып, резидент еместер шығарған бағалы қағаздарға меншік құқығы іс жүзінде өтетінін ескере отырып, осы операциялар шет елдерде инвестицияларды, оның ішінде резидент еместердің бағалы қағаздарын жүзеге асыруға қатысты валюталық реттеу талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сонымен қатар ҚДҚ-ының негізгі активі болып табылатын бағалы қағаздардың сапасына, ҚДҚ эмитентіне және ақпаратты ашуға барынша жоғары талаптар белгіленеді, бұл осы операцияларға валюталық реттеуді мақсатқа сай қолдана алмайды.

Осыны негізге ала отырып, осы туынды бағалы қағаздарды ішкі рынокта айналысқа жіберу үшін қажетті жағдайлар жасау және қаржылық қадағалау тарапынан бақылауды болдырмау мақсатында резиденттердің ҚДҚ-ын сатып алуы арқылы резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялары лицензиялауға жатпайды. Негізгі актив болып табылатын резидент еместің бағалы қағаздарына резиденттердің - ҚДҚ ұстаушылардың іс жүзінде иелік етуін жіктеуге және олармен операцияларды қадағалауға мүмкіндік беретін ақпарат қаржылық қадағалау органынан, депозитарий ұйымынан, ҚДҚ эмитентінен және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларынан хабарлау тәртібімен ("в" санаты) алынады.

Резидент ҚДҚ-ын негізгі активке айырбастау кезінде валюталық реттеудің белгіленген шектеулерін айналып өту мүмкіндігін болдырмау үшін бағалы қағаздарды - негізгі активті сатып алуға қатысты валюталық реттеу тәртібі қолданылады.

Шешуді талап ететін мәселелер:

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген валюта заңдары тек негізгі активтерді білдіре алатын бағалы қағаздарды тікелей сатып алуға байланысты операцияларды реттеуге ғана бағдарланған, сондықтан туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізудің мәні мен сипатын толық көрсетпейді. Жақын болашақта туынды қаржы құралдарымен операциялар барған сайын кең таралуын күтуге болатынын ескерсек, оның жолдарын әзірлеп, валюталық реттеу тәртібін туынды қаржы құралдары рыногының жұмыс істеу тетігіне және ерекшеліктеріне сәйкес келтіру қажет.

5.3. Резиденттердің шет елге тікелей инвестицияларды жүзеге асыруы

Тікелей инвестициялар - ақшаны, бағалы қағаздарды, заттарды, интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықтарды қоса алғанда, мүліктік құқықты және өзге де мүлікті заңды тұлғаның акцияларына (қатысушылардың салымдарына)

ақы төлеу үшін салу, нәтижесінде мұндай салымды жүзеге асыратын тұлғаға осы заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының 10 және одан көп пайызы (қатысушылар дауысының жалпы санының 10 және одан көп пайыз дауысы) тиесілі болады.

Қолданылып жүрген заңдар бойынша резиденттердің шет елге инвестициялары, оның ішінде тікелей инвестициялар капитал қозғалысына байланысты және валюталық құндылықтарды резиденттерден резидент еместердің пайдасына ауыстыруды көздейтін валюта операциялары ретінде жіктеледі және Ұлттық Банк лицензиялары.

Республиканың экономикалық әлуетін көтеру тұрғысынан қарағанда резиденттердің тікелей инвестициялары, егер олар қаржы ресурстарын неғұрлым тиімді бөлуге, өндірістік базаны кеңейтуге, жаңа рыноктарға өтуге және транзакциялық шығасыларды азайтуға ықпал етсе, экономикалық ақталған болып саналады.

Бұған қоса, инвестор инвестицияланатын объектінің өндірістік қызметіне және кірісті пайдалануға қатысты шешімдер қабылдауға елеулі ықпал ету үшін жеткілікті құқықтарға (жарғылық капиталдағы үлестерге) ие болуы тиіс, ал елдегі - инвестицияланатын объекті тұрған жердегі инвестициялық және валюталық режим салынған қаражатты қайтаруға және алынған пайданың қайтарылуына кедергі ж а с а м а у ы т и і с .

Жоғарыда аталған факторлар шетел активтеріне резиденттер инвестицияларын ырықтандыру процесін құрайтын мынадай сипаттағы негізгі принциптерді белгілейді:

кәсіпорын құру, жұмыс істейтін кәсіпорындардың акцияларын сатып алу, соның нәтижесінде резидентке осы резидент емес - заңды тұлғаның, яғни еншілес ұйымның 50% және одан да көп дауыс беретін акциялары (қатысушылар дауысының жалпы санының 50 және одан да көп пайыз дауысы), тиесілі болады;

инвестициялау объектісі - резидент еместің еншілес ұйымның жарғылық капиталын к ө б е й т у ;

жоғарыда көрсетілген операциялар инвестициялау объектісінің тұрған жері Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі - ЭЫДҰ) кіретін не инвестицияларды өзара қолдау және қорғау туралы келісім жасалған және бекітілген елде жүзеге асырылады (дивидендтердің, пайда үлесінің, сыйақылардың, резиденттің қатысу үлесін тарату/сатудан түскен қаражаттың еркін айырбасталатын валютада шұғыл қайтарылуына шектеулердің болмауын көздейді).

Резиденттердің осы операциялары капитал қозғалысына байланысты операцияларды ("б" санаты) тіркеу режимі арқылы жүзеге асырылады.

Осы талаптарды қанағаттандырмайтын резиденттердің шетелдегі тікелей инвестициялау операциялары Ұлттық Банктің лицензиясы болған кезде ғана жүзеге асырылады ("а" санаты).

5.4. Кредиттеу операциялары

5.4.1. Сыртқы сауда операцияларын кредиттеу

Қазақстанда, қолданылып жүрген режимі бойынша экспорт бойынша төлемді кейінге қалдыруды не тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсету импорты үшін аванстық төлемнің 120 күннен астам мерзімге ұзартылуын, яғни капитал қозғалысына байланысты операцияларды қарастыратын экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін аударымдар Ұлттық Банкте лицензиялауға жатады.

2001 жылдан қаңтарынан бастап 2002 жылғы I жартыжылдыққа дейінгі кезеңде экспорт бойынша төлемдердің мерзімін ұзартуға байланысты операциялар бойынша берілген лицензиялардың жалпы саны 718 болды. Экспорт-импорт мәмілелері бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі көп жағдайда 180 күннен астам болады және ол қарсы әріптестердің уақытша қиыншылықтарымен ғана түсіндіріле алмайды. Бірқатар тауарлар бойынша экспорттық түсім түсу мерзімін ұзарту өнім сапасын сертификаттау рәсімінен өткізуге және соңғы тұтынушыға кейін сатуға байланысты. Бұдан басқа, едәуір жоғары қосымша құны бар тауарлар өндіруді ынталандыру жөніндегі шаралар, оның ішінде экспорт кезінде жанама тарифтік емес (әкімшілік) тосқауылдарды қысқарту және/немесе жеңілдетуді енгізуге тиіс шаралар валюта операцияларын лицензиялау тәртібі болып табылады.

Осыны негізге ала отырып, бірінші кезеңде экспорт-импорт операциялары бойынша есеп айырысуларды реттеуге қатысты мынадай міндеттерді шешу қажет:

экспорттан түскен валюталық түсімнің қайтарылуын және импорт бойынша төлемдердің негізділігін және экспорт-импорт валюталық бақылауы шеңберінде ақпараттың сапалылығын бақылаудың тиімділігін арттыру;

экспорттық операцияларды жүзеге асыру кезіндегі шектен тыс кедергілерді жою.

Бірінші кезеңде осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай іс-шараларды орындау болжады:

1. Ұлттық Банкте лицензиялауға жататын экспорт-импорт операциялары бойынша 180 күн және одан да көп мерзімді дебиторлық берешектің ең оңтайлы төмен шегін бағалау (қолданылып жүрген шектеу 5000 АҚШ доллары).

Лицензиялаудың ең төменгі шегін көбейту экспорт-импорт операцияларына бақылаудың екі деңгейлі жүйесін енгізумен қатар жүргізіледі:

Бірінші деңгей қолданылып жүрген рәсімдерге сәйкес бір келісім-шарт шеңберінде 180 күннен астам мерзімге экспорт-импорт операциялары бойынша резидент еместерді резиденттердің кредиттеуін лицензиялауды қарастырады.

Екінші деңгей резидент жасаған барлық экспорт-импорт келісім-шарттары бойынша лицензиялаудың белгіленген төменгі шегінен аспайтын операциялар бойынша 180 күннен астам мерзімге жинақталған дебиторлық берешегін экспорт-импорт валюта бақылауы шеңберінде қадағалауды болжайды, бұл лицензияланатын операциялардың төменгі шегінен аспайтын әрбір жекелеген

келісім-шарт бойынша берешегі бар сыртқы сауда операцияларының қатысушыларын
табуға мүмкіндік береді.

Жыл бойы әрбір тоқсанның соңында жүйелі түрде экспорт-импорт операциялары бойынша дебиторлық берешек жинақталатын резиденттер туралы ақпарат уәкілетті банктер ұсынған ақпарат негізінде Ұлттық Банкте қалыптасады және пайда болған берешектің себебін түсіндіру мақсатында тиісті уәкілетті органға жіберіледі, сондай-ақ лицензия алу үшін Ұлттық Банкке резидент кейін өтініш жасаған жағдайда, арызды қарау кезінде назарға алынатын болады.

2. Есеп айырысудың ең ұзақ шарттары шаруашылық қызметтің салалық ерекшеліктеріне және саудаға байланысты болатын, яғни дәстүрлі емес экспортты және жоғары қосымша құны бар өнім экспортын ынталандыру мақсатында экономикалық ақталған болып есептелетін экспорт кезінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (СЭҚТН) жіктеуіне сәйкес кодтары көрсетілген тауарлардың тізбесін анықтау. (РҚАО-ның ескертуі. V011445)

Жеткілікті, экономикалық жағынан дұрыс негізделген себептер болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық Банкпен келісім бойынша оларға тауарлар экспорты күні мен экспорттық түсім алу мерзімінің арасы 365 күннен асқан жағдайда ғана резиденттен лицензия алу талаптарын қарастыратын валюталық реттеуден ерекше режимін қолдана алады.

3. Резидент еместің тарапынан міндеттемелерді орындау аяқталған экспорт-импорт операциялары бойынша валюталық реттеу тәртібін жеңілдету мүмкіндігін қарау.

Қазіргі уақытта экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеу лицензия алуға өтініш беру сәтінде экспорт бойынша нақты валюталық түсімнің не импорт бойынша толық көлемде тауардың түскен-түспегеніне қарамастан операциялар ағымдағы разрядтан капитал қозғалысына байланысты операцияларға көшкен жағдайда лицензиялауға жатады. Резидент еместің өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанын ескере отырып, лицензиялау әкімшілік формалдылықты орындауға әкеп соғады және сыртқы экономикалық қызмет қатысушысы үшін қосымша шығасылар әкеледі. Осы тұрғыдан, Ұлттық Банк Кедендік бақылау агенттігімен бірлесіп бір жағынан әкімшілік рәсімдер санын қысқарту үшін, екінші жағынан, валюта бақылауының тиімділігін төмендетпеу және валюталық заңдардың талаптарын резиденттің ақтауын қамтамасыз ету үшін осы операцияларға валюталық реттеудің жеңілдетілген тәртібін енгізу мүмкіндігі туралы мәселені қарауы қажет.

Шешім қабылдауды талап ететін мәселелер:

1) лицензия беру шарттары, берешектің жүйелі түрде пайда болуына жауапкершілік, аяқталған экспорт-импорт мәмілелері бойынша тәртіпті жеңілдету және Ұлттық Банктің салық және басқа бақылау органдарымен өзара іс-әрекет ету бөлігінде лицензиялау рәсімін пысықтау қажет;

2) лицензияланатын экспорт-импорт мәмілелері бойынша дебиторлық берешектің

т ө м е н ш е г і н б е л г і л е у і т и і с ;

3) валюталық бақылау рәсіміне лицензиялауға жатпайтын 365 күнге дейінгі мерзімге дебиторлық берешек пайда болатын жекелеген тауарлар экспорты бойынша өзгерістер енгізу ;

4) экспорт-импорт валюта бақылауы жүйесіне және әзірленіп жатқан бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер енгізу талап етіледі;

5) резиденттің барлық сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша (бақылаудың екінші деңгейі) жиынтық дебиторлық берешекке кейінгі бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар шеңберінде экспорт-импорт валюта бақылауы шеңберіндегі экспорт-импорт мәмілелерін ресімдеудің барынша оңтайлы құндық шегін бағалау қ а ж е т ;

6) экспорттық кредиттерді сақтандыру тетіктерін әзірлеуді және сыртқы сауда операциялары бойынша валюталық реттеу тәртібін жеңілдету мүмкіндігін, сақтандыру полисімен қамтамасыз етілген қаражаттарды қайтармау тәуекелін қарастыру керек.

5.4.2. Екінші деңгейдегі банктердің резидент еместерге кредиттер беруі

Екінші деңгейдегі резидент банктердің резидент еместерге кредиттер беруіне байланысты операцияларды лицензиялау күшін жояды. Операцияның осы түрінің пруденциалдық реттеу және қадағалау шараларымен реттелетінін, оның шеңберінде екінші деңгейдегі банктер белгіленген нормативтерді орындауға, активтерді тәуекел дәрежесі бойынша жіктеуге және операцияға қатысушылар мен оның жасалу шарттары туралы негізгі ақпаратты ашуға міндетті екенін ескере отырып, валюталық реттеудің рұқсат етілген режимі болып табылатын лицензиялауды оларға қолданудың қажеті жоқ .

Екінші деңгейдегі банктердің резидент еместерге кредиттер беруі Ұлттық Банктегі хабарлама талабы ("в" санаты) арқылы жүзеге асырылады.

Барынша экономикалық еркіндік режимі тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесі негізінде бағаланатын қаржы ұйымдары жүргізетін халықаралық операциялар бойынша мәнді, маңызды және шынайы ақпаратты ашуға және капитал жеткіліктілігіне, талаптарды күшейтумен қоса жүреді.

Шешім қабылдауды талап ететін мәселелер:

Пруденциалдық реттеу және қадағалау жүйесі бір резидент емес-заемшыға бақылау элементі мен ең жоғары тәуекел шектеуін (ішкі рыноктағы операциялармен салыстырғанда осы тәуекел капиталдың әкетілуі кезінде өте жоғары болады), сондай-ақ елдің тәуекелдігін қоса алғанда, банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігіне жоғары талаптарды қамтуы тиіс.

5.4.3. Резиденттердің шетел банктерінде шоттар ашуы

Валюталық режимді ырықтандыру жолындағы басқа қадам шетел банктерінде және өздері тіркелген мемлекеттердің заңдары бойынша банктік операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар басқа қаржы институттарында (бұдан әрі - шетел банктері) шетелде шоттар ашуға қатысты талаптарды жұмсарту болып табылады.

1. Шетел банкінде шетелде резиденттердің - жеке тұлғалардың шоттар ашуы
лицензиялауға жатпайды:

егер шетелдік банктің "А"-дан төмен емес ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А2" ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар болса және ЭЫДҰ-ға мүше болып табылатын мемлекетте тіркелген және орналасқан жағдайда;

жұмыс істеу, оқу, емделу немесе демалу мақсатында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде уақытша жүрген резиденттер.

Бірден көп кредиттік рейтингі болған кезде рейтингтік агенттіктер ("Standard & Poor's", "Fitch", "Moody's Investors Service") белгілегеннен әрқайсысының кредиттік рейтингі ең төменгі белгіленген талаптарды қанағаттандыруы қажет. Рейтингтердің біреуінің ең аз белгіленген рейтингтен тармақтың жартысынан аспайтындай ауытқуға жол беріледі.

Шетелде шоттар ашуды уәкілетті банктерде ашылған шоттар арқылы не тіркеу тәртібімен ("б" санаты) шот ашпай аудару арқылы резидент - жеке тұлға жүзеге асырады.

Бұл ретте шетелдегі шетел банктерінде жеке тұлғалар ашқан шоттар бойынша валюталық заңдарда белгіленген тәртіппен лицензиялауға жататын операциялар жүргізілуге тиіс емес.

2. Қазіргі уақытта банктердің корреспонденттік және металдық шоттарды ашуы банктерді қадағалау органдарының талаптарын сақтау арқылы лицензиясыз жүзеге асырылады. Пруденциалдық реттеуді жетілдіру, банктің тұрақтылығына және ішкі тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу арқылы банктің инвестициялық портфелі мен активтерінің тәуекелдігіне байланысты капиталдандырудың жеткіліктілігіне талаптарды арттыру бақылау тиімділігінің қажетті деңгейін жасайды, сондықтан екінші деңгейдегі банктердің шетел банктерінде шоттар ашуы лицензиясыз жүргізіледі. Осы операцияларды жүргізуге хабарлау ("в" санаты) режимі қолданылатын болады.

Шешім қабылдауды талап ететін мәселелер:

Мәселен, шетелде шоттың болуын болжайтын еншілес компанияның пайда болуына, шетелдегі өкілдіктерді ұстауға байланысты шығындарды барынша азайту тұрғысынан шетел банктерінде заңды тұлғалардың шоттар ашудың және жүргізудің жеңілдетілген тәртібін тарату осы мақсатта экономикалық жағынан ақталуы мүмкін.

Осыны негіздей отырып, бірінші кезең шеңберінде валюта операцияларын жүргізуді бақылау және ырықтандыру жөніндегі шаралардың экономикалық нәтижелеріне талдау тәртібінің жетілдірілуіне қарай заңды тұлғалардың шетелде шоттар ашу және олар бойынша жекелеген операциялар жүргізуді ырықтандырудың экономикалық дұрыстығын бағалау қажет.

Қазақстан Республикасының банктерінде шығарылған төлем карточкаларын пайдалану арқылы резидент еместердің банктерінде ашылған банктік шоттар бойынша операциялар жүргізу мүмкіндіктерін қосымша қарастыру керек.

Пруденциалдық реттеу шеңберінде ұзақ мерзімді рейтингі жоқ немесе ұзақ мерзімді рейтингі талап етілетін деңгейден төмен Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің - корреспонденттік банктерінің айқындылығына (ақпаратты ашып көрсетуге) талаптарды арттыру қажет. Сондай-ақ резидент емес банктерде корреспонденттік шоттарды ашу кезінде Қазақстан Республикасының банктерін капиталдандыруға қойылатын талаптарды арттыру қажет.

5.5. Валюталық режимді ырықтандырудың ақпараттық аспектісі

Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандыру тұжырымдамасының принципі капитал ағынын бақылаудың қолданылып жүрген әкімшілік шараларын біртіндеп жою, біріншіден, төлем балансының статистикалық базасын жасау, талдау және болжауды жетілдірумен, және екіншіден, Ұлттық Банктің сыртқы экономикалық операциялар туралы ақпарат жинау және оған талаптарды белгілеуі бойынша өкілеттіктерін күшейтумен бірге жүргізілетінін болжайды.

Бірқатар басым операцияларды ырықтандыру барысында операцияға қатысушы сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде айтарлықтай экономикалық еркіндік ала отырып, операцияны статистикалық есепке алу, операциялардың негізділігін және резиденттің валюталық реттеу талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында барлық қажетті ақпаратты ұсыну бойынша міндеттемелер қабылдайды және жауапкершілікте болады.

Сыртқы экономикалық операциялар туралы ақпарат базасы:

1) операциялардың мақсаттары, субъектілері, түрлері және мерзімділігі жөніндегі ақпаратты егжей-тегжейлі талдау;

2) банк клиенттерінің, бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының операцияларына операциялар бойынша есеп жүргізу;

3) базалық операцияларды қаржы құралдарымен туынды операциялардан бөлу;

4) басқа көздерден алынған ақпаратпен операцияларды нақты жіктеу және салыстыру мүмкіндігі;

5) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындардың маңызын арттыру және тізілімін толықтыру талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай іс-шараларды орындау қажет:

1) қолданылып жүрген есеп беру нысандарын толық қамтылуға, ұсынылған ақпараттың қайталануын барынша болдырмауға және ақпарат базасына қойылатын талаптарды қанағаттандыруға жан-жақты талдау жүргізу;

2) резиденттердің лицензиялау/тіркеу/хабарлау рәсімдері шеңберінде ақпарат беру нысандарын және тәртібін жетілдіру.

Статистикалық ақпарат жинау жүйесін жетілдіру барысында алдын ала тіркеу талабынан капитал қозғалысына байланысты бірқатар операцияларға қатысты кейінгі хабарлау және есеп беру міндеттемесіне біртіндеп өтуі болады.

Бастапқы кезеңнің өзінде-ақ резидент еместердің резиденттік брокер компаниялары арқылы жүзеге асыратын резиденттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын сатып алуға қатысты тіркеуі күшін жоятын болады. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары ("в" санаты) осы операциялардың иелері, эмитенттері және сипаты туралы ақпаратты белгіленген есеп беру нысандарына сәйкес береді. Резидент еместердің резиденттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын резиденттік брокер компанияларын тартпай сатып алуына қатысты Ұлттық Банкте операцияларды тіркеудің қолданыстағы режимі қолданылатын болады.

5.6. Валюталық режимді ырықтандырудың құқықтық аспектісі

Осы бағдарламада көзделген валюталық режимді ырықтандыру жөніндегі шараларға сәйкес валюталық реттеу тәсілдерінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі " Лицензиялау туралы ", 1996 жылғы 24 желтоқсандағы " Валюталық реттеу туралы ", 1995 жылғы 31 тамыздағы " Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына; сондай-ақ Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау ережесіне, Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа, Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер енгізуді талап етеді.

Валюталық реттеу режимдерін тәртіпке келтіру және валюталық қатынастар мен бірізді ырықтандыруды дамытудың осы кезеңінің талаптарына жауап беретін тиісті құқықтық базаны құру қажеттілігі негізгі нормалар мен ережелерді жүйеге келтіретін " Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы " жаңа заңның және күрделі валюта операцияларының барлық санаттарын валюталық реттеудің тәртібі мен рәсімдерін - олардың бірыңғай түсіндірілуі мен қолданылуын қамтамасыз ететін лицензиялау, тіркеу, хабарлау режимдерін реттейтін бірыңғай нормативтік құқықтық актінің әзірленуін талап етеді.

Шешуді талап ететін мәселелер:

1) ұсынылатын экономикалық негіздемеге және өтініш берушіге валюта операцияларын жүргізуге лицензия берген кезде қаралатын ақпаратқа қойылатын талаптарды кеңейту қажет.

2) валюталық режимді ырықтандыру операциялар жүргізудің, мәліметтер мен есеп берудің белгіленген режимін сақтамағаны үшін жауапкершілікті күшейтумен қатар жүруі тиіс. Сонымен қатар, ЭЫДҰ елдерінің банктерінде ашылған жеке тұлғалардың шоттары бойынша лицензиялауға жататын операциялар жүргізу кезінде тәртіп бұзушылықтардың ықтимал объективті кешіктірілуіне, Ұлттық Банктің валюта операцияларын жүргізу туралы хабарламауына және басқаларына байланысты тәртіп бұзушыларды жауапкершілікке тартудың өтіп кеткен мерзімін ұлғайту туралы мәселе шешілуі тиіс. Осы міндеттерді іске асыру үшін Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне тиісті өзгерістер енгізу қажет.

5.7. Шетел капиталы ағындарына байланысты тәуекелдерді төмендету

Қазіргі уақытта Қазақстанда операциялардың мерзімнен тыс әр түрінің кең қатары бойынша шетелдік инвестицияларға байланысты шетелдік капитал ағынына және кірістерді қайтып алуға іс жүзінде шектеулер жоқ.

Сонымен қатар, елге капиталдың жаппай ағыны тәуелсіз экономикалық саясат жүргізуге арналған белгілі бір тәуекелдерге ұшыратуы мүмкін, оған мыналар жатады:

республиканың макроэкономикалық көрсеткіштері шамалы ғана төмендеген, инвесторлардың күтулері өзгерген, не олардың өз тәуекелді қағаздар портфелін қайта қараған жағдайларда, тәуекел деңгейі ұқсас елдерде экономикалық ахуалы нашарлаған жағдайда, көбінесе алып-сатарлық сипаттағы жинақталған қысқа мерзімді капиталдың кенеттен тыс әкетілу тәуекелі;

сыртқы берешектің қауіпті деңгейге дейін өсуі және экономиканың шетелдік кредиторларға тәуелділігінің ұлғаюы ұзақ мерзімді перспективада, әсіресе экономика сыртқы күйреу әсеріне елеулі дәрежеде осал болатын болса, төлем қабілетсіздігінің тәуекелін құрайды.

Тәуекелдерді төмендету әсіресе валюталық режимді ырықтандыру және капиталдың жинақтылығын арттыру жағдайларында көкейкесті. Экономикалық еркіндікті кеңейтумен қатар капиталдың әкетілуіне қатысты шектеулерді жұмсарту, сондай-ақ резиденттер үшін белгілі бір тәуекелдермен қатар жүреді. Сондықтан тәуекелдерді, атап айтқанда: тәуелсіз елдік тәуекелді; қарсы әріптестердің елдік тәуекелдерін; рыноктық тәуекелдерді (валюталық тәуекелдерді, пайыздық ставкалардың өзгеру тәуекелдерін, туынды қаржы құралдарымен операциялардың тәуекелін) тексеру мен басқарудың тиімді жүйесінің болуы Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандыру тұжырымдамасының бұдан былайғы қажетті шарты болып табылады.

Валюталық режимді ырықтандыру жөніндегі іс-шаралардың бірізділігі және у а қ ы т ш а ш е ң б е р і :

1) қаржы институттарында тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйелерін ендіру жөніндегі шараларды іске асырумен;

2) банктерді шоғырландырылған негізде пруденциалдық реттеу және қадағалау р ә с і м д е р і н кү ш е й т у м е н ;

3) ішкі қаржы рыногын дамытумен;

4) қаржылық емес ұйымдар - ішкі валюта рыногының ірі қатысушылары тарапынан алып-сатарлықты бақылау және тоқтату тетігін әзірлеумен (ішкі валюта рыногында шетел валютасын сатып алу/сату операцияларына ықтимал кейінгі шектеулердің күшін ж о ю) ;

5) заңсыз жолмен алынған кірістердің жария болуына қарсы іс-әрекеттер жүргізу мақсатында күмәнді мәмілелерді тексеру мен бақылаудың халықаралық принциптерін е н г і з у м е н ;

6) елдің экономикалық өсімі мен төлем балансының тұрақтылығын белгілейтін сыртқы факторлармен келісілетін болады.

Айрықшалық принципіне сүйене отырып, сыртқы экономикалық операцияларды және елдің қысқа мерзімі, не ұзақ мерзімді экономикалық қауіпсіздігінің объективті алғышарттарын және/немесе қауіп-қатер болған кезде жекелеген операцияларды жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместерге қатысты валюталық және әкімшілік реттеу шараларын пайдалану жөніндегі заңды түрде бекітілген құқығы сақталады.

6. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Валюта қаражатын пайдаланудың едәуір тиімділігіне ықпал ететін, қаржылық жағынан тұрақты кәсіпорындар мен қаржы институттары өткізетін, транспарентті және ішкі валюта рыногындағы ахуалды айтарлықтай тұрақсыздандыруға қабілеті жоқ операциялар осы Бағдарламада белгіленген ырықтандырудың бірінші кезеңі шеңберінде валюталық реттеудің талаптары жұмсартылатын операциялар санатына ж а т қ ы з ы л а д ы .

Резидент еместердің бағалы қағаздарын сатып алуға қатысты лицензиялаудың күшін жою және оларды ішкі рынокқа еркін жіберу резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялауға әкімшілік шығасыны елеулі азайтады. Жоғары өтімділігімен және тәуекел деңгейінің төмендігімен ерекшеленетін бағалы қағаздарға қаражат салу мүмкіндігі резиденттер үшін аз шығын жұмсаған кезде оңтайлы кіріске қол жеткізу мақсатында инвесторлардың тәуекелдерін барынша тиімді түрлендіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ҚДҚ арқылы шет елге инвестицияларды валюталық реттеудің тәртібін жеңілдету ішкі рынокты дамыту, ТМД елдеріндегі қаржы

рыноктарын интеграциялау және ұлттық валютамен көрсетілген құралдарды неғұрлым кеңінен қолдану үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Лицензияны алуға байланысты әкімшілік шығыстарының төмендеуі экономикалық дұрыстығы ақталған, яғни операциялық шығындарды төмендететін, өндірістік қуаттарды кеңітетін шетелдегі еншілес кәсіпорындары бар резиденттер үшін жаңа рыноктарға шығуға және ресурстарды барынша тиімді бөлуге мүмкіндік туғызады. Қазіргі уақытта Қазақстан Инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау туралы келісімді республика тауар айналымында 80%-дан асатын үлесі бар ЭЫДҰ елдерін қоса алғанда, 30-дан астам елмен жасады. Сонымен, инвестициялау объектісі тиесілі ел бойынша талаптар қазақстандық инвесторларға салынған қаражаттарды қорғаудың қажетті деңгейін ұсына отырып, елдің өзара сыртқы сауда қатынасы тұрғысынан неғұрлым перспективалы және мақсатқа сай тікелей инвестицияларын жүзеге асыру бойынша резиденттердің мүмкіндіктерін шектемейтін болады.

Экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айырысуларды реттеуге қатысты:

1) лицензиялаудың төменгі шегін көтеру капиталдың әкетілуі тұрғысынан шын мәнінде маңызды экспорт-импорт операциялары бойынша дебиторлық берешек сомаларына бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сонымен бірге кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің экономикалық ақталған шарттарын тудыруы мүмкін қаржы ағындарын шектемейді;

2) экспорт-импорт операцияларын жүргізуге валюталық бақылауды жүзеге асырудың тиімділігі жоғарылайды;

3) резидент лицензиялау талабынан кету мақсатында бір келісім-шартты бірнеше неғұрлым ұсақ сомалар бойынша бөлшектеген жағдайда барлық сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша резиденттің жиынтық берешегін бақылау үшін жағдай жасалады;

4) валюталық реттеу рәсімі сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар үшін неғұрлым транспарентті және түсінікті болады;

5) шаруашылық қызметтің қолданылып жүрген талаптарымен және салалық ерекшеліктерімен берешек экономикалық ақталған жағдайда экспорт кезінде қаржылық есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ жоғары қосымша құны бар өнім экспорты кезінде әкімшілік шығындарды төмендету мақсатында жекелеген салаларға мейлінше қолайлы жағдайлар жасалады.

Жекелеген шектеулерді біртіндеп жою, валюталық бақылау жүйесін жүйелендіру және жеңілдету валюта операцияларын валюта заңдарының талаптарынан тыс жүргізуге қажеттілікті төмендетеді, бұл валюта операцияларының едәуір айқындығына және жариялылығына әкеледі. Сонымен қатар, шетелдік инвесторлар валюта операцияларын әкімшілік бақылау шараларын қысқартуды және экономикалық қызмет еркіндігін кеңейтуді елдің инвестициялық климатын жақсартатын факторлар ретінде дәстүрлі түрде қарастырады, бұл ұзақ мерзімді перспективада экономиканың шикізат

секторына ғана емес, Қазақстанға шетел капиталы ағынының келуін көбейтуге мүмкіндік береді.

Қаржы институттарында тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйелерінің тиімділігін арттыру; бағалы қағаздар рыногын және рыноктық тәуекелдерді хеджирлеу құралдарын дамыту; қаржылық қадағалауды және мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекеттерін күшейту; капиталдың трансшекаралық ағындары және ішкі валюта рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы туралы объективті, уақтылы және сапалы ақпарат беретін операцияларды жинау және есепке алу жүйесін жетілдіру валюталық режимді ырықтандырудың келесі кезеңіне өту үшін сапалы экономикалық алғышарттар жасайды.

7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 7-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.08. N 911 қаулысымен .

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5

1. Валюталық реттеу және бақылау рәсімдерін жетілдіру

1.1.	Валюта операцияларын реттеу тәртібі мен рәсімдерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу	Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	ҚҰБ (келі. сім бойынша) КБА	"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі, валю. талық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілген
------	---	--------------------------------------	-----------------------------	---

2-тоқсан бойы

- 1.2. Резиденттің валюта операциясын жүргізудің мақсатқа сәйкестігіне қара. Үкіметке ақпарат ҚҰБ (келі. 2003 жылғы сім бойынша) 3-тоқсан ЭЖБЖМ, ӘДМ, ҚМ, ИСМ
- л а т ы н , в а л ю т а л ы қ
р е т т е у ж әне б а қ ы л а у
ш е ң б е р і н д е ұ с ы н ы л а .
т ы н а қ п а р а т ы н а
қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р
т і з б е с і н к е ң е й т у
ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р
- енгізу
- 1.3. Лицензияланатын экспорт-импорт мәмілелері бойынша дебиторлық берешек. Үкіметке ақпарат ҚҰБ (келі. 2003 жылғы сім бойынша) 3-тоқсан ЭЖБЖМ, КБА, ИСМ
- т і ң т ө м е н ш е г і н
б е л г і л е у ж ө н і н д е
- ұсыныстар енгізу
- 1.4. "Валюталық реттеу мен бақылау туралы" Заңның жобасы Қазақстан Республикасының кейбір заңының жобасын әзірлеу ҚҰБ (келі. 2004 жылғы сім бойынша) 2-тоқсан <*>
- 1.5. Валюталық реттеу мен бақылау тәртібін және рәсімдерін реттейтін бірыңғай нормативтік құқықтық кесімнің жобасын әзірлеу Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы ҚҰБ (келі. "Валюталық сім бойынша) реттеу мен бақылау туралы" Қазақстан Республикасы жаңа заңы күшіне енгізілген күннен бастап 2-тоқсан бойы

2.1. Қаржылық емес ұйымдар Үкіметке ҚҰБ (келі. 2004 жылғы
- валюта рыногының ұсыныс сім бойынша) 1-тоқсан
ірі қатысушыларының
ішкі валюта рыногын.
да валюталық опера.
цияларды жүзеге
асыруын бақылау
тетігін әзірлеу

2.2. Сыртқы елдік тәуекел. Үкіметке ҚҰБ (келі. Тұрақты
дерді тексеру және ақпарат сім бойынша)
Қазақстан экономика.
сының сыртқы күйреуге
осалдығын төмендету
жөнінде ұсыныстар
енгізу

2.3. "Заңсыз жолмен Заңның ҚПА 2004 жылғы
алынған кірістерді жобасы ҚҰБ (келісім 3-тоқсан
жария етуге (ақтауға) бойынша)
қарсы іс-әрекеттер
туралы" Қазақстан
Республикасы
Заңының жобасын
әзірлеу

2.4. Қаржы институтта. Үкіметке ҚҰБ (келі. Тұрақты
рында шоғырландырыл. ақпарат сім бойынша)
ған қадағалауды
және тәуекелдерді
басқару жүйелерін
жетілдіру

3. Ақпараттық базаны жетілдіру

3.1. Валюта операциялары Есеп беру ҚҰБ (келі. 2004 жылғы
бойынша есеп беру нысандары сім бойынша) 1-тоқсан
нысанын жетілдіру

3.2. Экспорт-импорт ҚҰБ-ның ҚҰБ (келі. 2004 жылғы
валюта бақылауы валюталық сім бойынша) 4-тоқсан
жөніндегі бағдарла. бақылау КБА
малық қамтамасыз жөніндегі

етуге өзгерістер
енгізу

бағдарла.
малық
қамтамасыз
етуі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ